

Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 439-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі № 68 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 9 шілдеде № 23431 болып тіркелді.

Ескерту. Бірлескен бұйрық жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.09.2024 № 344-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.10.2024 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 16.01.2023 № 13-НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.01.2023 № 4 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес баға белгілеу бөлігінде ішкі сауда субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

3) бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сауда базарларына, сауда желілеріне және ірі сауда объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру парағы;

4) бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес көтерме-тарату орталықтарына қатысты Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру парағы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.09.2024 № 344-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.10.2024 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының сауда және интеграция, ұлттық экономика вице-министрлеріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі _____ А. Иргалиев	Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрі _____ Б. Сұлтанов
--	--

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 1 шілдедегі
№ 68 мен
Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция
министрінің
2021 жылғы 30 маусымдағы
№ 439-НҚ Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а. 30.09.2024 № 344-НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.10.2024 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу саласындағы заңнамасының сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін

атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – қызметіне Қазақстан Республикасының Сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуын бақылау жүзеге асырылатын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылық – дайындаушы немесе өнім беруші (сатушы) ресімдеген азық-түлік тауарларына тауарлық-ілеспе құжаттардың болмауына байланысты бұзушылық;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шкалада өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шкалаға келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының аумағында бағалар жапсырмасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарында қойылған тауарды бағасын теңгемен көрсетіп өткізу не Қазақстан Республикасының аумағында құны бағалар жапсырмасымен ресімделген бағадан аспауы тиіс, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарында қойылған тауарды өткізу не Қазақстан Республикасының аумағында жария шарт талаптары бойынша тауарды өткізген кезде оның бағасын теңгемен көрсетуге, тауардың атауын, оның сортын, тауардың салмағы немесе бірлігі үшін бағасын көрсете отырып, айқын ресімделген баға көрсеткіштерінің белгілерінің болуына, электрондық сауданы жүзеге асыруна, сауда базарларының сауда орындарын орналастыру схемасына сәйкес жабдықталуға, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайларын және жалпы пайдаланатын орындармен жабдықталуын сақтауына, стационарлық сауда объектілерінде болуына, көтерме-тарату орталықтарында көтерме-тарату орталықтарын жарақтандыру талаптарына сәйкестігінің болуы, көтерме-тарату орталықтарының әкімшілігінің жұмыс регламентін бекітуге байланысты бұзушылықтар;

6) өрескел бұзушылықтар – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда өнім берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің

мөлшерін белгілемеуге, ішкі сауда субъектісінің шекті сауда үстемесінің мөлшерін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарынан жеткізу шартында көрсетілген өндірушінің сату бағасының және көтерме жеткізушінің сатып алу бағасынан он бес пайыздан артық асыруы, сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісінің тауарларды асырып жіберуіне байланысты бұзушылықтар, азық-түлік тауарларын берушімен азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасынан алынатын сыйақының бес пайыздық мөлшерінен асуы, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуға байланысты сыйақыны заңсыз талап ету, Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағалардың сақталуына, тауарларды беру туралы шарт жасасудан негізсіз бас тартуда не шарт жасасуда көрініс табатын тауарларға қол жеткізуді шектеу, негізгі түрі ірі сауда объектілеріндегі, сондай-ақ сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беру, мұндай объектілердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру болып табылатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалардың сақтамауы, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын күнтізбелік ай шегінде күнтізбелік үш күннен асатын мерзімге жалға (пайдалануға) берген кезде жалға беру (пайдалану) жазбаша шартын жасасуын сақтамауы;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату процесі;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) –Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесіне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланысты емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бір бақылау субъектісі (объектісі) қызметінің

нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптарды қамтитын талаптар тізбесі.

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты қолданылады.

4. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау, жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жартыжылдыққа қалыптастырылатын бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері негізінде жүргізіледі.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің барынша жоғары көрсеткіші бар бақылау субъектісінің (объектісінің) басымдығы ескеріле отырып жасалады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

6. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесінің және сыйақының мөлшерін сақтау бөлігінде сауда қызметін реттеуде тәуекелдің жоғары дәрежесіне бақылау субъектілерінің жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүлкітік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығының тәуекелдері жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне сауда объектілерінде қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері жатады.

Объективті өлшемшарттар бойынша жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында субъективті өлшемшарттар қолданылады.

Коммуналдық базарларда қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері тәуекелдің төмен дәрежесіне жатады. Мұндай субъектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізіледі.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

8. Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулер мен бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;
- 2) бақылау субъектісі кінәсінен туындаған қолайсыз жағдайлардың болуы.

9. Субъективті өлшемшарттар сауда қызметін реттеу туралы салалардағы субъектілердің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарына сәйкес сақталмауы белгілі бір бұзушылық дәрежесіне сәйкес келетін тексеру парақтарының талаптары негізінде әзірленді. Әрбір талапқа қатысты тексеру парақтарынан бұзушылық дәрежесі айқындалады – өрескел, елеулі және болмашы.

Бақылау субъектілері қызметінің тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттар осы Өлшемшарттарға 1 қосымшада баяндалған.

10. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын негізге ала отырып, 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші есептеледі.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі):

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 2 қосымшаға сәйкес сауда қызметін реттеу саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес өлшемшарттарында белгіленеді.

11. Осы Өлшемшарттардың 5-тармағына сәйкес бақылау субъектісін (объектісін) тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 8 қосымшасына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы

профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$Rарал = SP + SC$, мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте, мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

12. Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне (объектісіне) тәуекел дәрежесінің 100 көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ - елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ - анықталған елеулі бұзушылықтардың саны;

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны;

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$ – осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

13. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізудің еселігі жылына екі реттен жиі емес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалады.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

14. Адал бақылау субъектілерін (объектілерін) көтермелеу және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

15. Бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер (объектілер) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер (объектілер) өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы жатады.

Бұл ретте, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуды реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар олар бойынша деректер жеңілдететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

5-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ерекшелік ескеріле отырып, ақпараттық жүйелерді пайдаланатын мемлекеттік органдарға арналған тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері

17. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің (объектілерінің) жалпы санының бес пайызынан аспауға тиіс.

Қазақстан Республикасының
сауда қызметін реттеу
саласындағы заңнамасының
сақталуына тәуекел дәрежесін
бағалау өлшемшарттарына
1 қосымша

Сауда қызметін реттеу саласындағы талаптарды бұзу дәрежесі

№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1. Баға белгілеу бөлігінде ішкі сауда субъектілеріне қатысты		
1.	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда берушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілеу, сондай-ақ дайындаушы немесе өнім беруші (сатушы) ресімдеген азық-түлік тауарларына тауарлық-ілеспе құжаттардың және тауарларын жеткізу шартының болуы.	өрескел
2.	Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісінің азық-түлік тауарларын берушімен азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде сатып	өрескел

	алынған азық-түлік тауарларының бағасынан бес пайыздық сыйақы мөлшерінен асуы.	
3.	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуына байланысты сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісінің сыйақыны заңсыз талап етуі.	өрескел
4.	Ішкі сауда субъектісінің шекті сауда үстемесінің мөлшерін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарынан жеткізу шартында көрсетілген өндірушінің сату бағасының және көтерме жеткізушінің сатып алу бағасынан он бес пайыздан артық асыруы.	өрескел
5.	Тауардың атауын, оның сортын, тауардың салмағы немесе бірлігі үшін бағасын көрсете отырып, айқын ресімделген баға көрсеткіштерінің белгілерінің болуы.	елеулі
6.	Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағалардың сақталуы.	өрескел
7.	Электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде сатушының талапты сақтауы: 1) офертаға шарттың маңызды талаптарын енгізуге немесе оларды айқындау тәртібін көрсету бойынша; 2) шартты жасасу тәртібі туралы ақпаратты ұсыну бойынша; 3) шот-фактурларды жазып беру бойынша.	елеулі
8.	Қазақстан Республикасының аумағында бағалар жапсырмасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарында қойылған тауарды бағасын теңгемен көрсетіп сату не Қазақстан Республикасының аумағында құны бағалар жапсырмасымен ресімделген	өрескел

	бағадан аспайтын, сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарында қойылған тауарды өткізу не Қазақстан Республикасының аумағында жария шарт талаптары бойынша тауарды өткізген кезде оның бағасын теңгемен көрсету.	
2. Сауда базарларына, сауда желілеріне және ірі сауда объектілеріне қатысты		
9.	Сауда базарларының сауда орындарын орналастыру схемасына сәйкес жабдықталуға, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайларын және жалпы пайдаланатын орындармен жабдықталуын сақтауы.	елеулі
10.	Сауда базарларының шолуға арналған қолжетімді орындармен жабдықталуын сақтауға тиіс, онда : — сауда базарындағы сауда орындарын орналастыру схемасын қамтитын ақпарат; — авариялық немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуациялау схемасы; — сауда орындарын жалға беру (пайдалану) тәртібі туралы және шарттары туралы ақпарат; — бос сауда орындарының болуы-болмауы туралы ақпарат; — сауда орындарын жалға беру (пайдалану) жөніндегі келіссөздерді жүргізуге уәкілетті тұлғаның байланыс (телефон нөмірі және (немесе) электрондық мекенжайы) деректері; — сауда базары әкімшілігінің, мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы, ветеринария және өсімдіктер карантині жөніндегі органдардың, сауда базарының жұмысына қатысты мәселелер туындаған жағдайда жүгіну қажет ішкі істер бөлімінің телефон нөмірлері болуға тиіс; — сауда қатарларына (жеміс-көкөніс, ет, сүт, тұрмыстық	елеулі

	<p>тауарлар, киім, аяқ киім және басқалары), қоғамдық тамақтандыру объектілеріне, бақылауға арналған өлшем құралдарына, автобус аялдамаларына, шығатын есіктерге және басқаларға баратын бағыттар көрсеткіштермен жарактандырылуға тиіс.</p>	
11.	<p>Негізгі түрі ірі сауда объектілеріндегі, сондай-ақ сауда базарларындағы сауда орындарын жалға (пайдалануға) беру, мұндай объектілердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және олардың жұмысын ұйымдастыру болып табылатын дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалардың сақтауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ішкі сауда субъектілері мен олардың әкімшілігінің жұмыскерлері үшін ірі сауда объектісінің, сауда базарының жұмыс режимін қамтитын жұмыс регламентін бекіту және сақтау; 2) ақпараттық жүйеде қызметті тіркеу және жүзеге асыру және талаптарды сақтау; 3) сауда инфрақұрылымын жаңғыртуды жүзеге асыру; 4) ірі сауда объектісінің, сауда базарының аумағындағы көтерме және бөлшек саудада сату аймағының аражігін ажырату. 	өрескел
12.	<p>Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын күнтізбелік ай шегінде күнтізбелік үш күннен асатын мерзімге жалға (пайдалануға) берген кезде жалға беру (пайдалану) жазбаша шартын жасасуын сақтау.</p>	өрескел
	<p>Коммуналдық сауда базарымен сақталуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) коммуналдық базарды құруға негіз болған шешіммен жергілікті атқарушы орган бекіткен сауда базарының жұмыс регламентіне сәйкес қызметі; 2) жергілікті тауар өндірушілерді қолдау, халықтың әлеуметтік осал 	

13.	<p>топтарына әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша:</p> <p>-сауда базарының жұмыс регламентіне сәйкес заңнамалық түрде кезектен тыс қызмет көрсету құқығы немесе басқа да жеңілдіктер берілген азаматтардың жекелеген санаттарына қызметтер көрсету;</p> <p>-өз қосалқы шаруашылығының өнімін өткізетін азаматтарға сауда орындарын ақы алмай ұсыну жолымен әлеуметтік маңызы бар міндеттерді орындайды.</p> <p>3) коммуналдық базарда азық-түлік тауарларын өткізу үшін сауда орындарының кемінде 70 %-ы бөлінеді, оның ішінде сауда орындарының кемінде 10 %-ы өз өнімдерін өткізу үшін тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге беріледі.</p>	өрескел
14.	<p>Коммуналдық базар әкімшілігінің сақтауы:</p> <p>1) облыстың, қаланың, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша коммуналдық базарда өткізілетін азық-түлік тауарларына ұсынылатын бөлшек сауда бағаларын апта сайын белгілеу;</p> <p>2) облыстың, қаланың, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жылына бір реттен жиі болмайтын түзету мүмкіндігімен көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері (сауда алаңдарын жалға алу, тауарларды сақтау, қоймалау, сұрыптау және өлшеп-орау, сондай-ақ жүк және жеңіл автокөліктің кіруі мен тұрағы) бойынша тіркелген тарифтерді белгілеу;</p> <p>3) сауда базарына кіреберісте, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ағымдағы бөлшек сауда бағалары туралы ақпараттық стенд орналастырады. Ақпараттық стендте өзге азық-түлік тауарларының ағымдағы бөлшек</p>	өрескел

	сауда бағалары туралы ақпарат қамтылуы мүмкін.	
15.	<p>Ішкі сауда субъектілері сауда желісі мен сауда базарларын ұйымдастыру арқылы тауарларды сатуды жүзеге асыру кезінде сақтауы:</p> <p>1) отандық өндірістің тауарларын орналастыру орындарын арнайы белгімен немесе "Қазақстанда жасалған" деген жазумен белгілейді, оны жақын жерде орналасқан бірнеше отандық өндірістің тауарларына орнату;</p> <p>2) отандық өндірістің тауарларын көрінетін және физикалық қолжетімді орындарға (көз деңгейінде) орналастырады қамту.</p>	өрескел
16.	<p>Стационарлық сауда объектілерінде болуы:</p> <p>1) кіруге болатын ыңғайлы келу жолдарымен және жаяу жүргіншілерге кіруге, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға қол жетімділікті жабдықтау;</p> <p>2) стационарлық сауда объектісіне іргеліс жатқан аумақты аббатандыру және тәуліктің қараңғы уақытында жарықтандыру;</p> <p>3) тұраққа арналған, автокөлікті түсіруге арналған тиеу-түсіру, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған алаңдар;</p> <p>4) апаттық шығатын есіктерінің, сатыларының, апаттық жағдайдағы іс-қимылдар туралы нұсқаулықтарының, өрт қауіпін хабарлау жүйесі мен қорғану құралдарының, сондай-ақ сатып алушылардың әдеттегі уақытта және төтенше жағдайда еркін бағдарлануын қамтамасыз ететін ақпараттық көрсеткіштердің;</p> <p>5) мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға сауда қызметін көрсету үшін баспалдақтар, лифттер немесе пандустар бойынша орын ауыстыру мүмкіндігін және сауда залдары мен үй-жайларын пайдалануды қамтамасыз ететін ақпараттық көрсеткіштердің;</p>	елеулі

